



KAZ MINERALS PLC
6TH FLOOR
CARDINAL PLACE
100 VICTORIA STREET
LONDON SW1E 5JL
Tel: +44 (0) 20 7901 7800

2019 жылғы 25 шілде

KAZ MINERALS ТОБЫ 2019 ЖЫЛДЫҢ БІРІНШІ ЖАРТЫЖЫЛДЫҒЫНДАҒЫ ӨНДІРІСТІК НӘТИЖЕЛЕРІН ЖАРИЯЛАДЫ

2019 жылдың бірінші жартысында KAZ Minerals Тобы 147,6 мың тонна мыс¹ өндірді. Бұл 2018 жылдың осындай кезеңімен (139,6 мың тонна) салыстырғанда 6%-ға артық. Кен байыту фабрикаларының техникалық дайындық деңгейінің артуы есебінен екінші тоқсандағы мыс өндірісі 77,6 мың тоннаға (2019 жылғы 1-тоқсан: 70 мың тонна) жетті.

Бірінші жартыжылдықта ШҚО-дағы Ақтоғай КБК-нде 74,1 мың тонна, Павлодар облысындағы Бозшакөл КБК-нде – 47,1 мың тонна, Шығыс өңір мен Қырғызстандағы Бозымшақ кенішінде – 26,4 мың тонна мыс өндірілді.

Компания 2019 жылға жоспарланған 300 мың тонна мыс көлеміндегі нәтижеге жету жолында келеді.

Ақтоғай

2019 жылдың бірінші жартысында Ақтоғайдағы кен өндіру көлемі 27%-ға артып, 24,2 млн тоннаға (2018 жылдың бірінші жартысы: 19,1 млн тонна) жеткен. Оған себеп – негізгі кен байыту фабрикасына арналған сульфидті кенді қазу көлемі мен Ақтоғайды кеңейту жобасына дайындықтың аясындағы қосымша тау-кен жұмыстары.

Сульфидті кеннен мыс өндіру көлемі бірінші жартыжылдықта 27%-ға артып, 62,3 мың тоннаны (2018 жылдың бірінші жартысы: 49 мың тонна) құрады. Бұл өсім негізінен кен өңдеу көлемінің 33%-ға артуының арқасында орын алды. Екінші тоқсанда сульфидті кеннен 31,3 мың тонна (2019 жылғы 1 тоқсан: 31 мың тонна) мыс өндірілді. Кендегі мыстың орташа үлесінің жоғары болуы жартылай өздігінен ұсақтайтын диірменнің қаптамасын жоспарлы ауыстырудың кесірінен аз өңделген кеннің орнын толтырды.

Оксидті кеннен катодты мысты өндіру бірінші жарты жылда 11,8 мың тоннаға жетіп, 2018 жылдың осындай кезеңімен (11,5 мың тонна) салыстырғанда 3%-ға артық болды. Екінші тоқсанда өндірілген катодты мыстың көлемі - 6,1 мың тонна (бірінші тоқсан - 5,7 мың тонна). Оған ауа температурасының маусымдық жоғарылауы әсер етті.

Екінші тоқсандағы (37,4 мың тонна) және алғашқы жартыжылдықтағы (74,1 мың тонна) жалпы мыс өндіру көлемі Ақтоғай үшін рекордтық көрсеткіштер. 2018 жылдың алғашқы жартыжылдығымен салыстырғандағы 22%-дық өсім бөліп алудың 88,8% деңгейіндегі жоғары көрсеткішіне байланысты. Негізгі кен байыту фабрикасы жарты жыл бойы дерлік есептік көрсеткішінде жұмыс істеп шықты.

Мыс өндірудің 130-140 мың тонна көлеміндегі жоспарлы көрсеткіші сақтаулы. Өйткені жылдың екінші жартысында өндіріс көлеміне жоспарлы техникалық қызмет көрсету әсер ететін болады.

Бозшакөл

Жылдың бірінші жартысында Бозшакөлде 17,5 млн тонна кен өндірілді. Бұл 2018 жылдың алғашқы алты айындағы (15,5 млн тонна) көрсеткіштен 13%-ға артық. Бұған каолин балшығы бар кендердің қосымша көлемін аршу әсер етті. Кен өңдеудің 13,2 млн тонна көлемі 2018 жылдың бірінші жартысынан (13,4 млн тонна) қарағанда 1%-ға кем. Сульфидті кендерді өңдейтін БФ-ның жоғары өткізу мүмкіндігі каолин балшығы бар кендерді өңдейтін фабриканың технологиялық суды жеткізу және рециркуляция жүйелерін жетілдіру мақсатындағы үш айлық тоқтаудың орнын толтырды. Аталмыш жұмыстар мамыр айында аяқталды.

2019 жылдың алғашқы алты айында кендегі мыстың орташа үлесінің азаюы және жоғарыда аталған каолин балшығы бар кендерді өңдейтін фабриканың өткізу мүмкіндігінің төмендеуі салдарынан мыс² өндірісі 5%-ға

¹ Концентраттағы ақысы төленетін металл және Ақтоғайдағы оксидті кеннен өндірілген катодты мыс

² Концентраттағы ақысы төленетін металл

азайып, 47,1 мың тоннаны (2018 жылдың бірінші жартысы: 49,8 мың тонна) құрады. Екінші тоқсанда мыс өндірісі - 23,3 мың тонна. Бұл өткен тоқсанмен салыстырғанда (2019 жылдың 1-тоқсаны: 23,8 мың тонна) 2%-ға аз. Бұған сульфидті кендерді өңдейтін БФ-ның өздігінен жартылай ұсақтайтын диірменнің қаптамасын жоспарлы түрде ауыстыру әсер етті.

Жыл соңына дейін кендегі металдың үлесі жоғары болып, каолин балшығы бар кендерді өңдейтін БФ-ның тоқтаусыз жұмысы болжанғандықтан Бозшакөлдегі мыс өндірудің жылдық жоспарлы аралығы 105-115 мың тонна деңгейінде қалуы тиіс.

2019 жылдың өткен жарты жылында өңдеу көлемінің және кендегі металл үлесінің азаюы салдарынан алтынның² өндірісі 4%-ға, яғни, 59,6 мың унцияға дейін (2018 жылдың бірінші жартысы: 62,3 мың унция) төмендеді. Соңғы алты айда алтынның өндірісі, мыстың өндірісімен қатар артып, жыл соңына дейін 130-140 мың унция көлеміндегі жылдық жоспарлы аралыққа жетеді деп жоспарланған.

Бірінші жарты жылдағы күмістің² өндірісі – 334 мың унция (2018 жылдың бірінші жартысы: 340 мың унция). Жалпы 2019 жылы Бозшакөлде шамамен 700 мың унция күміс өндіру жоспарланған.

Шығыс өңір мен Бозымшақ

2019 жылдың бірінші жартысында Шығыстүстімет пен Бозымшақтың кәсіпорындарында 1,94 млн тонна кен (2018 жылдың бірінші жартысы: 1,95 млн тонна) өндірілді. Дегенмен 2019 жылдың екінші тоқсанында Артемьев шахтасындағы өндірістің артуы арқасында бірінші тоқсанмен салыстырғанда кен өндіру көлемі 5%-ға артты.

Бірінші жартыжылдықта 1,79 млн тонна кен өңделді - өткен жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда (1,89 млн тонна) төмен. Бұл Орлов шахтасындағы кен өндірудің азырақ көлемі мен Николаев БФ-ның 2019 жылдың бірінші тоқсанындағы жоспарлы тоқтауының салдары. Николаев БФ жұмысын сәуір айының басында жандандырып, 514 мың тонна кен өңдеді. Оның ішінде Артемьев шахтасының бірінші тоқсанда жинақталған кені бар.

Алғашқы жарты жылда өндірілген мыстың көлемі 2018 жылдың осындай кезімен салыстырғанда 10%-ға аз - 26,4 мың тонна мыс. Оның 16,9 мың тоннасы екінші тоқсанда өндірілді. Николаев БФ қайта іске қосылғанда өсім пайда болды. Қазіргі уақытта барлық БФ қалыпты жұмыс істеп тұр, Шығыс өңір мен Бозымшақ 55 мың тонна мыс көлеміндегі жылдық жоспарлы аралыққа жету жолында келеді.

Концентраттағы мырыштың өндірісі 2019 жылдың бірінші жартысында - 18,4 мың тонна. Орлов шахтасы мен Белоусов БФ-ғы күтілгеннен аз үлестің салдарынан бұл 2018 жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда 26%-ға төмен. Николаев БФ-ның жұмысы жанданғаннан кейін екінші тоқсанда өндіріс қалпына келіп, бірінші тоқсанмен салыстырғанда шамамен екі есеге артты (6,2 мыңнан 12,2 мың тоннаға дейін). Бірінші жарты жылдың нәтижесі бойынша Топ концентраттағы мырышты өндірудің жылдық жоспарлы аралығын жаңартты - 40-45 мың тонна.

Өткен жарты жылдағы алтынның өндірісі - 26,4 мың унция (2018 жылдың бірінші жартысы: 27,2 мың унция). Жалпы 2019 жылы Шығыс өңір мен Бозымшақта 40-45 мың унция көлеміндегі жылдық жоспарлы аралықтың жоғарғы шегіне жету жоспарланған.

2019 жылдың алты айындағы күмістің өндірісі - 930 мың унция (2018 жылдың бірінші жартысы: 1,08 млн унция). Бұл 1,8 млн унция көлеміндегі жылдық жоспарлы көрсеткішке сәйкес келеді.

KAZ Minerals Тобының басқарма төрағасы Эндрю Саузам былай деп мәлімдеді: «Екінші тоқсанда KAZ Minerals мыс өндірісін 11%-ға арттырып, кен байыту фабрикаларының техникалық дайындық деңгейінің артуы және Топтың кеніштеріндегі тиімді жұмыстың арқасында 78 мың тоннаға жеткізді. Ақтоғай мыс өндірісіндегі рекордқа жетті – тоқсан көлемінде 37 мың тонна. Бозшакөлдегі каолин балшығы бар кендерді өңдейтін фабрика толық қарқынды жұмысын қайта бастады. Сөйтіп, KAZ Minerals-тың 2019 жылдағы 300 мың тонна жоспарлы көрсеткішіне жетуге жақсы мүмкіндігі бар».

Қосымша ақпарат алу үшін келесі телефондар бойынша хабарласуға болады:

KAZ Minerals PLC

Анна Маллер	Қаржылық талдаушы, Инвесторлармен байланыс департаменті, Лондон	Tel: +44 20 7901 7814
Мақсұт Жапабаев	Корпоративтік байланыстар департаментінің басшысы, Алматы	Tel: +7 727 244 03 53
Алмас Садықов	Корпоративтік байланыстар департаментінің менеджері, Алматы	Tel: +7 727 244 03 53

РЕДАКТОРЛАРҒА АРНАЛҒАН АҚПАРАТ

KAZ Minerals – Қазақстанда, Қырғызстанда және Ресейде заманауи, ірі ауқымды, азшығынды карьерлік типтегі тау-кен өндірісін дамытуға бағытталған, өсу әлеуеті зор мыс өндіруші компания. Компания операциялық іс-қызметін Павлодар облысындағы Бозшакөл және ШҚО орналасқан Ақтоғай ашық кеніштерде, сонымен қатар Шығыс Қазақстанда орналасқан үш кеніш пен үш кен байыту фабрикасында және Қырғызстандағы Бозымшақ мыс-алтын кенішінде жүргізеді. 2018 жылы мыстың жалпы өндіріс көлемі 295 мың тоннаны құрады, ілеспе өнім ретінде 50 мың тонна концентраттағы мырыш, 183 мың унция алтын мен 3,511 млн. унция күміс өндірілді. 2019 жылдың қаңтар айында Топ Ресей Федерациясы (РФ) Чукот автономиялы округіндегі Баимская мыс жобасын сатып алды. Баимская – ашық типтегі кеніш негізінде мыс өндіретін төмен шығынды әрі ауқымды тау-кен кешенін құру әлеуеті бар әлемдегі игерілмеген ірі мыс алаңдарының бірі.

Топтың жаңа өндірістік кәсіпорындары – Бозшакөл мен Ақтоғай – саладағы ең қарқынды даму көрсеткіштерін қамтамасыз етіп, KAZ Minerals-ты қорының басым бөлігі әлемдік деңгейдегі ашық түрдегі кеніштерден тұратын компанияға айналдырды.

Операциялық шығындары бойынша Бозшакөл халықаралық мыс өндіруші кәсіпорындар арасында бірінші квартильге кіреді. Оның кен өңдеу қуаты жылына 30 млн тонна кенді құрайды. Кенішті пайдаланудың қалған мерзімі – 38 жыл. Кендегі мыс құрамы 0,37%. Карьер мен кен байыту фабрикалары өндірісті 2016 жылы бастады. Өндіріс көлемі – алғашқы 10 жылда жыл сайын 100 мың тонна катод эквивалентіндегі мысты және 120 мың унция концентраттағы алтынды құрайды.

Ақтоғай – карьер типтес ірі ауқымды кеніш. Ол Бозшакөлге ұқсас. Кенішті пайдаланудың қалған мерзімі (өндірісті кеңейтуді қоса есептегенде) - 27 жыл. Кендегі мыс мөлшері 0,36% (оксидті кен) және 0,33% (сульфидті кен). Ақтоғайда оксидті кеннен катодты мысты өндіру 2015 жылдың желтоқсан айында, ал сульфидті кеннен мыс концентратын өндіру 2017 жылдың ақпан айында басталды. Сульфидті кенді қайта өңдейтін бірінші кен байыту фабрикасының жылдық қуаты - 25 млн тонна. Сульфидті кенді өңдеу көлемі екінші кен байыту фабрикасы 2021 жылдың соңына дейін өндірісті бастағанда 50 млн тоннаға дейін жетеді. Ақтоғай кен орынының операциялық шығындары халықаралық мыс өндіруші кәсіпорындарының арасында бәсекеге қабілетті болып табылады. Жылдық өндіріс көлемі – 2021 жылға дейін орта есеппен сульфидті кеннен өндірілетін 90 мың тонна мысты құрайды. Екінші кен байыту фабрикасы өндірісті бастағаннан кейін 2022-2027 жылдар аралығында сульфидті кеннен жыл сайын шамамен 170 мың тонна мыс өндірілетін болады. Оксидті кеннен 2025 жылға дейін жыл сайын шамамен 20 мың тонна мыс өндіріледі.

Баимская лицензиялы алаңының аумағында орналасқан Песчанка кен орынының ресурстары JORC кодексіне сәйкес бағаланып, 9,5 млн тонна мыс, кендегі мыстың мөлшері 0,43% және кендегі алтынның мөлшері 0,23 г/т болатын 16,5 млн унция алтынды құрайды. Іске қосылғаннан кейін жоба алғашқы он жылдағы күтіліп отырған жылдық орташа көрсеткіштер - шамамен 250 мың тонна мыс және 400 мың унция алтын немесе мыс эквивалентімен есептесек, 330 мың тонна болмақ. Кеніштің пайдалану мерзімі 25 жылды құрайды және таза ақшалай өзіндік құны жаһандық шығындар қисығының бірінші квартилінде орналасқан. Жоба РФ-ның үкіметі экономикалық даму үшін стратегиялық маңызды деп анықтаған өңірде орналасқан. Мемлекет көліктік және энергетикалық инфрақұрылымды дамытып, салықтық жеңілдіктер беретіндіктен жоба артықшылыққа ие болады. Кенішті игерудің күрделі шығындары \$5,5 млрд деп бағаланды. Қазір жоба техника-экономикалық негіздеме жасау кезеңінде. Топ талдаушылардың консенсус-бағасы мен тартымды ішкі табыс нормасы (IRR) аясындағы таза келтірінді құнның (NPV) айтарлықтай өсімін күтіп отыр. Баимская мыс жобасын іске асыру Топқа жоғары өсімін жалғастыруға мүмкіндік беріп, Топтың портфеліне ірі ауқымды, ұзақ мерзімді активті қосады.

KAZ Minerals PLC компаниясының акциялары Лондон және Қазақстан қор биржаларында айналымда. KAZ Minerals-та шамамен 14 000 адам жұмыс істейді, олардың басым бөлігі Қазақстан азаматтары.